

**"Стоматологиялық ұйымдардың құрылымына, жабдықталуына, оларды пайдалануға қойылатын санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы бағытталған талаптар" санитарлық ережелері мен нормаларын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік санитарлық Бас дәрігерінің 2002 жылғы 26 маусымдағы N 24 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 15 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 1918. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті Төрағасының м.а. 2010 жылғы 30 наурыздағы N 92 Бұйрығымен

**Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті Төрағасының м.а. 2010.03.30 N 92 Бұйрығымен.**

"Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11 бабына сүйене отырып төмендегі көрсетілген тармақтарды орындауды, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қосымша берілген 2002 жылғы 26 маусымдағы N 3.01.084.02 "Стоматологиялық ұйымдардың құрылымына, жабдықталуына, оларды пайдалануға қойылатын санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы бағытталған талаптар" санитарлық ережелері мен нормалары бекітілсін.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуге қойылып, алғашқы ресми түрде баспадан шыққан күннен он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Бас дәрігер*

**К Е Л І С І Л Г Е Н**

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
э к о н о м и к а                      ж ә н е                      с а у д а

М и н и с т р л і г і н і ң                      қ ұ р ы л ы с                      і с т е р і  
ж ө н і н д е г і                      к о м и т е т т і ң                      Т ө р а ғ а с ы

2002 жылғы 28 маусым

**Б Е К І Т І Л Г Е Н**

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
М е м л е к е т т і к                      с а н и т а р л ы қ

Б а с                      д ә р і г е р і н і ң

2 0 0 2                      ж ы л ғ ы                      2 6                      м а у с ы м

N 24 бұйрығымен

# **"Стоматологиялық ұйымдардың, құрылымына, жабдықталуына, оларды пайдалануға қойылатын санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы бағытталған талаптар" санитарлық ережелер мен нормалар 1. Жалпы ережелер**

1. Осы санитарлық ережелер мен нормалар (әрі қарай - санитариялық ережелер) стоматология саласындағы амбулаториялық-поликлиникалық ұйымдардың, бөлімшелер мен кабинеттердің және тіс техникасы лабораторияларының, барлық меншіктік қалыптағы тіс дәрігерлеріне және тіс техниктеріне, (әрі қарай - стоматологиялық ұйымдар) басшыларына, стоматологиялық ұйымдарды жобалайтын, олардың құрылысын қайтадан кеңейтуді, пайдалануды қарастыратын мамандарға, осы санитарлық ережелер мен нормалардың орындалуына Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды іске асыратын органдарға арналған.

2. Санитарлық ережелердің талаптарын орындау жауапкершілігі стоматологиялық, ұйымдардың бірінші басшыларына, бөлімшелердің, кабинеттердің, тіс техникасы лабораторияларының меңгерушілеріне, жеке және заңды тұлғаларға жүктеледі. Стоматологиялық ұйымдар басшылары осы санитарлық ережелердің негізінде жеке жұмыс түрлері бойынша өндірістік санитария жөніндегі қауіпсіздік техникасының нұсқауын әзірлеуге міндетті.

3. Осы санитарлық ережелердің талаптарының орындалуын бақылау Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдары мен мекемелеріне жүктеледі.

## **2. Терминдер мен анықтамалар**

4. Осы санитарлық ережелер мен нормаларды дайындағанда келесі терминдер п а й д а л а н ы л д ы :

1) стоматологиялық ұйымдар - ауыз қуысы мен тіске терапевтік, хирургиялық, ортопедиялық, ортодонттік емдеу жұмыстарын жүргізетін меншіктік қалпына қарамастан медициналық іс-әрекетпен айналысатын денсаулық сақтау саласындағы заңды және жеке тұлғалар;

2) жұқпа тарататын артификалды механизм - адам арқылы жұқпалы ауруларды жасанды түрде тудыратын механизмдер;

3) зарарсыздандыру - сыртқы ортадағы адамдар мен жануарларда жұқпалы, паразитарлық аурулардың қоздырғыштарын жоюға бағытталған кешенді ш а р а л а р ;

4) зарарсыздандыру дәрмегі - сыртқы ортадағы адамдар мен жануарларда жұқпалы, паразитарлық аурулардың қоздырғыштарын жоятын зат;

5) аурухана ішіндегі жұқпа - адамдарға ем жасап, ауруын анықтау барысында  
жұқтырылған жұқпалы ауру;

6) жұқпаға бақылау жасау - бұл аурухана ішіндегі жұқпаны персоналдар мен пациенттердің арасында болдырмауға бағытталған ұйымдастырушылық, профилактикалық және эпидемияға қарсы шаралар жүйесі;

7) орталықтандырылған стерилизация бөлімі - ауруханалық ұйымдар мен амбулаториялық-поликлиникалық ұйымдардың құралдарын тану материалдарын стерилизациядан өткізіп қаптап, өндеп, емдеуге қолдануға арналған  
мамандандырылған бөлім;

8) стерилизация - физикалық және химиялық агенттермен әсер ету арқылы затты немесе бұйымды микроорганизмдерден толықтай босату.

### **3. Стоматологиялық ұйымдардағы үй-жайларды орналастыру мен жабдықтауға қойылатын талаптар**

5. Стоматологиялық ұйымдар жеке орналасқан ғимараттарда немесе осы санитарлық ереженің және қолданыстағы құрылыстық нормалар мен ережелердің (әрі қарай - ҚНЖЕ), талаптары орындалғанда, ғимараттарға қоса жапсыра салынған, жұмыс жасауға ыңғайландырылған үй-жайларды пайдалануға  
болады:

1) стоматологиялық көмек көрсетуді талап ететін мекемелерде мектептерде, тұрғын үй ғимараттарында, ауруханаларда, санаторийларда, стоматологиялық емханаларды, бөлімшелер мен кабинеттерді орналастыруға болады. Ғимараттардың жертөлесінде стоматологиялық ұйымдарды орналастыруға  
болмайды;

2) ғимараттардың жертөлесінде қызметкерлерге арналған санитарлық-тұрмыстық қажетке керекті үй-жайларды және қоймаларды орналастыруға болады, олардың тарта-соратын желдеткіш камералары болуы  
керек;

3) емхананың балаларға арналған бөлімінің жеке кіріс есігі, киім ілгіші, күту орны және әжетханасы болып, ересектер бөлімімен қатысы болмауы керек;

4) стоматологиялық ұйымдардағы рентген, физиотерапиялық кабинеттер, автоклав, электрқондырғылары және электр жүйесінің құрылымы және оларды пайдалану, қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер талабына жауап беруі  
керек;

5) стоматологиялық (терапевтік, хирургиялық, ортопедиялық, ортодонттік) ұйымдардағы негізгі стоматологиялық креслоға 14 метр квадрат (әрі қарай - м<sup>2</sup>) ал қосымша креслоларға 7 м<sup>2</sup> орын бөлуі керек. Егер қосымша креслода әмбебап қондырғы болса, жұмыс орны 10 м<sup>2</sup> көбейтіледі. Егер табиғи жарық бір жақтан

түсетін болса, кабинеттің ұзындығы алты метрден аспауы керек;

б) стоматологиялық қосымша бөлмелер мен оған бөлінетін орынның көлемі емхананың қуатына байланысты болып, қолданылып жүрген ҚНЖЕ-нің талаптарына сай болуы керек;

7) ауылды жерлерде хирургиялық және терапевтік саладағы балаларды және ересек кісілерді бірге қабылдауға арналған жеке кабинеттердің болуына рұқсат етіледі.

#### **4. Стоматологиялық ұйымдардың үй-жайларының ішіне әрлеу жұмыстарын жүргізгенде қойылатын талаптар**

6. Үй-жайлардың ішіне әрлеу жұмыстарын жүргізгенде пайдаланылатын барлық материалдарға Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарының рұқсаты болып, Қазақстан Республикасының "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Заңына сәйкес жүргізіледі.

Стоматологиялық кабинеттердің қабырғалары зарарсыздандыру дәрмегін қосып ылғалды тазалау жұмыстарын жүргізу үшін ой-шұңқырсыз тегіс болуы керек. Барлық бұрыштары, қабырғалардың төбемен, еденмен қосылған жерлері тік бұрыш құрамай, доғал бұрыш құрап, карнизсіз, әшекейсіз болуы керек.

7. Стоматологиялық кабинеттердің хирургиялық, стерилизациялау бөлмелері еденнен 1,8 метр биіктікке дейін, ал операция жасайтын бөлмеде барлық қабырға тұтас түрде глазурьленген тақтайшалармен жабылуы керек. Панельден жоғарғы тұс майлы бояумен немесе сулы эмульсиямен сырланады.

8. Тіс құймаларының гипстік нұсқасын дайындайтын ортопедиялық кабинеттерде, тіс техникасының лабораториясының негізгі үй-жайлары 1,8 метр биіктікке дейін барлық қабырға алкидстирольді, полиеинилацетатты майлы бояулармен немесе нитроэмальмен сырлануы керек. Панельден жоғарғы биіктік силикатты немесе құрамында клейі бар бояумен боялады. Стоматологиялық кабинеттердің (операция бөлмесі, оның алдындағы және стерилизациялаудан өткізетін бөлме), тіс техникасының лабораториясына бөлінген бөлменің төбесі сулы эмульсиямен, майлы немесе клейлі силикатты бояулармен ақ түске боялады.

9. Арнайы тіс техникасының лабораториясына арналған үй-жайдың қабырғалары 1,8 метр биіктікке дейін глазурьленген тақтайшамен жабылуы керек. Панельден жоғарғы биіктік силикатты немесе құрамында клейі бар бояумен сырланады.

10. Стоматологиялық кабинеттің едендері поливинилхлоридті (винил-пластпен, линолеуммен) материалдармен жабылып, араларында саңлау

болмас үшін оларды балқытып біріктіреді. Хирургиялық стоматология және операция жасайтын кабинеттердің еденіне керамикалық тақтайшаларды төсеуге болады.

11. Бұл ұйымдардағы есіктер мен терезелер эмаль немесе майлы бояу арқылы боялып, оның ашып жабуға арналған фурнитураларының беттері оңай тазаланатындай тегіс болуы керек.

## **5. Стоматологиялық ұйымдардың жабдықталуына қойылатын талаптар**

12. Терапевтік, хирургиялық, ортопедиялық, ортодонттік кабинеттерде үш креслодан артық орын болмауы керек, ал хирургиялық кабинеттерде олардың саны екіден аспауы керек және міндетті түрде дәрігерлер бір бірінен биіктігі 1,5 метрлік бөлгішпен бөлінуі керек.

13. Егер кабинетке табиғи жарық бір жақтан түсетін болса, кабинетте орналасқан креслолар жарық көзіне қарап, бір қатарда орналасуы керек.

14. Амальгама және полимерлік материалдарымен жұмыс істеу үшін терапевтік және ортопедиялық тіс емдеу кабинеттерінде келесі талаптарға сай ауа сорғыш шкаф болуы тиіс:

1) шкафтың 30 да 60 сантиметр (әрі қарай - см) өлшеміндегі жұмыс істейтін ашық қуысындағы ауаның автономды механикалық түрде тартылуы секундына 0,7 метрден кем болмайтын қозғалысты қамтамасыз етуі тиіс;

2) шкафтың барлық аумағынан ауа шығарылып тұруы тиіс;

3) шкафтың ішкі беті сынапты өткізбейтіндей болуы тиіс;

4) шкафтың едені төгілген сынаптың тамшыларын жинауға арналған ыдыспен қосылған сызатқа қарай әр қудырма метрге бір-екі см еңкіш болуы тиіс;

5) шкафқа сынапты ұстап қалатын су жүйесіне қосылған раковина орнатылуы тиіс ;

6) шкафтың ішіне амальгаманың тәуліктік қорын, сынап және амальгама дайындайтын ыдысты, сондай-ақ демеркуризациялау құралдарын сақтау үшін кішігірім шкаф орналастырылуы тиіс.

15. Күміс амальгамасын дайындау кезінде қолмен жұмыс істеуді жібермеу мақсатында амальгаманы араластырғыш үнемі ауа сорғыш шкафтың ішінде болуы тиіс.

16. Амальгамамен жұмыс істейтін бөлмелерді жинап, демеркуризациялауды жеңілдету үшін барлық жұмыс жиһаздарының аяқтары 20 см кем болмауы тиіс ( демеркуризация - жұмыс орнының сынаппен ластануын шектейтін шаралардың кешені).

17. Негізгі үй-жайдағы тіс технигінің жұмыс орнында төмендегілер: мөлшері 1,0 X 0,7 метр болатын тіс технигінің арнайы үстелі; өзінің жеке шаң сорғышы бар жылтыратқыш электрлі машина; газ келетін түтік болуы керек.

18. Стоматологиялық кабинеттер сығылған ауаны, оттегіні жеткізетін және вакуумдық жағдайды қалыптастыратын, жүйемен жабдықталуы қажет.

19. Әмбебап стоматологиялық қондырғыларға ыстық және суық суды қосқанда, оларды керегінде жауып қоятындай вентилдерді қарастыру қажет.

20. Гипсті қолданып жұмыс атқарғанда қалатын қалдық суды раковинаға жіберерден бұрын, оны гипстен тазалау керек.

21. Емдеу кабинеттері мен тіс техникасының лабораториясында персонал қолын жуатын шынтак немесе аяқ арқылы басқарылатын крандармен жабдықталған жеке раковина және басқа да өндірістік мақсаттар үшін құралдарды, ыдыстарды, керек-жарақтарды, және басқа да жабдықтарды жууға пайдаланылатын арнайы ванналар болуы керек.

22. Әрбір стоматологиялық кабинетте стерилденген материалдар мен құралдарға арналған үстелдер болуы керек.

23. Күту орындары мен қабылдау бөлмелерінде эмальдан немесе фарфордан жасалған түкіргіштер орнатылуы керек.

24. Едендері тақтайшадан жасалған үй-жайларда, жұмыс орындарында, аяқты суықтан қорғайтын ағаш төсеніш болуы қажет.

25. Стоматологиялық ұйымдар шұғыл және алғашқы медициналық көмек көрсетуге қажетті дәрілерімен, зарарсыздандыру дәрмектерімен қамтамасыз етілуі керек.

## **6. Стоматологиялық ұйымдардың өндірістік үй-жайларындағы микроклиматына, жылу жүйесіне, желдетілуіне қойылатын талаптар**

26. Стоматологиялық кабинеттердің микроклиматы, желдетілуі, жылу жүйесі, жарықтандырылуы қолданыстағы ҚНЖЕ-нің талаптарына сай болуы керек.

27. Стоматологиялық емхана ғимараттарында сумен жылыту жүйесін қарастыру қажет. Орталық жылу жүйесінің жылу тасушы суының температурасы 95оС болуы керек.

28. Орталық сумен жылыту жүйесінде қыздыратын құралдар - негізінен, бұрыштағы үй-жайларды есептемегенде, терезелердің астына орналастырылатын, жеңіл тазартатын, үсті тегіс радиаторлар болуы керек.

29. Стоматологиялық емхана ғимараттарында, стоматологиялық бөлімшелерінде, кабинеттер мен тіс техникалық лабораторияларының үй-жайларында ауаның тартылуы бойынша сағатына үш есе және соруы

бойынша сағатына екі есе ауа ауыстыратын, сорып-тартатын жалпы желдеткіш қарастырылуы керек. Операциялық үй - жайда тек ауа ауыстыратын жалпы желдеткіш болуы қажет.

30. Жалпы ауыстырылып, сорып-тартатын желдеткіштің барлығына қарамастан барлық үй-жайларда тез ашылатын фрамугалар мен форточкалар; терапевтің және ортопедтің, стерилизациядан өткізіп, дәнекерлік жасайтын кабинеттерде механикалық сору шкафтары; тіс техниктерінің негізгі үй-жайлардағы жұмыс орындарында және әрбір жылтырату орнындағы жылтырату машинасының меншікті шаң сорғышы болып тіс құю бөлмесіндегі ортадан аластату арқылы тіс құятын пештің, дәнекерлек бөлмесіндегі газ плитасының, жылтырату бөлмесінде қыздыру құралдары мен полимеризациялық жұмыс үстелінің үстінде сору зонты болуы керек.

31. Тіс техникалық лабораторияларының негізгі үй-жайларында, ортопедиялық стоматология және операция жасайтын кабинеттерінде ауаны кондиционерлеу қарастырылуы керек.

32. Стоматологиялық ұйымдардың барлық үй-жайларында табиғи жарық  
б о л у ы қ а ж е т :

1) жаңадан құрылып жатқан стоматологиялық емханаларда күн сәулесінің тікелей түсуінен жұмыс орындарына жарықтың көп мөлшерде түсуін, сондай-ақ жаз айларында әсіресе еліміздің оңтүстік аудандарында ғимараттың ысып кетуін болдырмас үшін стоматологиялық кабинеттердің терезелерін солтүстік бағытқа  
б а ғ д а р л а у қ а ж е т ;

2) жұмыс істеп жатқан, кабинеттері теріс бағытта орналасқан мекемелерде жаз мезгілінде терезелерді тент, маркиз, жалюздер және басқа заттармен  
к ө л е ң к е л е у к е р е к ;

3) барлық стоматологиялық кабинеттер және тіс техникасы лабораториясының негізгі жайларында (терезенің әйнектелген бетінің еден ауданына қатысы) жарықтандыру коэффициенті 1:4-1:5 болып, ал басқа өндірістік жайларда 1:8-ден төмен болмауға тиіс;

4) кабинеттерде табиғи жарық тек бір жағынан түскен жағдайда екі қатар орналастырылған стоматологиялық креслолардың екінші қатарында күндізгі уақыттың өзінде қосымша жасанды жарық көздерін қолдануы керек;

5) тіс техникасы лабораторияларының негізгі жайларында орналасқан тіс техниктерінің жұмысшы үстелдеріне табиғи жарықтың сол жағынан түсуін қамтамасыз еткен дұрыс.

33. Стоматологиялық ұйымдардың барлық үй-жайлары люминесцентті немесе жай шамдардан құралған ортақ жарық көздерімен қолданыстағы ҚНЖЕ-нің талаптарына сай қамтамасыз етілуге тиіс:

1) Барлық стоматологиялық кабинеттерде және тіс техникасы

лабораторияларының негізгі үй-жайларында люминесцентті жалпы жарықты пайдалану барысында сәуле шығару спектрі түсті өзгертпейтін шамдарды қолдану керек;

2) Жалпы жарық беретін шамдар жұмыс істеп отырған дәрігер көзінің аумағына түспейтіндей есеппен орналастырылуға тиіс.

## **7. Зарарсыздандыру және стерилизациялау тәртібіне қойылатын талаптар**

34. Стоматологиялық ұйымдар барлық үй-жайларына тұрақты түрде ылғалды тазарту және зарарсыздандыру жүргізіліп отыруы керек.

35. Стоматологиялық жабдықтар, жиһаздар жарық көзіне кедергі және жинауға қолайсыз жағдай тудырмайтындай болып орналастырылады.

36. Әр стоматологиялық кабинеттерде қажетті қанықпадағы зарарсыздандыратын ертіндіні сақтау үшін, жасалған уақыты көрсетілген, таңбаланған арнайы ыдыстар болуы керек.

37. Кабинеттерге қажетті ақпараттық стендтер, кестелер ылғалды тазалау жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік беретін материалдардан дайындалуы қажет.

38. Ауруларды қабылдайтын операциялық, хирургиялық және басқа да кабинеттердің барлығында микроб өлтіретін қабырғадан немесе төбеден түсетін ультра күлгін сәуле көздерімен жабдықталуы тиіс: ОБН-150 сәуле түсіруші есеп бойынша көлемі 30 метр куб бөлме үшін - біреу; ОБН-300 - 60 метр куб бөлме үшін. Сәуле түсірушінің құрамына енетін тікелей және шағылыстыратын әсері бар шамдардың қосқыштарын жеке орнату керек.

39. Стоматологиялық кабинеттер және тіс техникасы лабораторияларының үй-жайларына күніне үш реттен кем емес Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдары мен мекемелері рұқсат еткен зарарсыздандыру заттарын қолдана отырып, ылғалды тазалау жұмыстарын жүргізеді. Күнделікті тазалау жұмыстарынан кейін үй-жайдың іші 30 минут бойы кварцтеледі, соңынан 15 минут аралығында желдетіледі. Кварцтеуге кеткен уақыт арнайы журналда тіркеледі. Толық тазарту жұмыстары айына бір рет және эпидемиялық көрсеткіштер бойынша да жүргізіледі.

40. Тазартуға қажетті керек-жарақтар (шелек, шүберек, шөтке) таңбаланып және кабинеттер, дәретхана мен басқа үй-жайлар үшін бөлек қолданылады. Таңбаланған тазартуға қажетті керек-жарақтар қатаң түрде белгілі бір жерде сақталып және тікелей белгілі мақсатқа пайдаланылады.

41. Зарарсыздандыратын заттардың жұмысшы ертінділерін дайындау, олармен жұмыс істеуде техника қауіпсіздігі ережелерін сақтай отырып, орталықтандырылған бір жерде жүргізілуі қажет.



42. Тері мен шырышты қабаттардың тұтастығының бұзылуына байланысты жұқпалы аурулардың артификалды механизмдер арқылы жұғуының алдын алу мақсатында қолмен жұмыс істеуде, жеке бастың тазалығын сақтаумен қоса, қолданылатын медициналық құралдар мен жабдықтарды стерилизациялау алдындағы тазарту және стерилизациядан өткізу, зарарсыздандыру ережелерін сақтауы қажет.

43. Медициналық-стоматологиялық саймандардың барлық түрлері, әр қолданыстан кейін зарарсыздандырылуы, стерилизациялау алдында жіті тазартылып, қолданылып жүрген нормативті құжаттардың талаптарына сәйкес, стерилизациядан өтуі қажет. Бір рет қолданылатын медициналық құрал-саймандар зарарсыздандырылып утилизацияландырылады.

44. Стоматологиялық емханалар мен стационарларда орталықтандырылған стерилизациялау бөлімдері құрылуы керек.

45. Балауыз валикті протездер мен қалыптар өлшеу үшін киіп көруден бұрын зарарсыздандырылады. Тістің ізін түсіретін қасықтары зарарсыздандырылып, стерилизациядан өткізіледі.

46. Стоматологиялық кабинеттердегі әртүрлі объектілерді зарарсыздандыру тәртібі осы санитарлық ережелердегі 2-қосымшада көрсетілген.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінде тіркелген зарарсыздандыру құралдарын қолдануға рұқсат етіледі.

47. Стерилизациялау алдындағы өңдеу және стерилизациялау тәртіптері Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдары мекемелері белгілеген тәртіппен анықталады.

## **8. Персоналдың жеке басының тазалығын сақтау ережесі**

48. Стоматологиялық ұйымдардың әкімшілігі медициналық персоналын уақытында және жеткілікті көлемде қол жуу үшін сабын, шөткемен, жеке қолдануға қол орамалымен немесе бір мәрте қолданылатын қағаз салфеткалармен, жеке қорғану заттарымен (халат, маска, қорғаушы көзәйнектер, қалпақтар) қамтамасыз етуге міндетті.

49. Кабинеттерде тамақ сақтауға және ішуге, темекі шегуге, жеке киімдерін сақтауға, арнайы киімсіз жұмыс істеуге тыйым салынады. Хирург-стоматологтар халаттың үстінен целофаннан жасалған алжапқыш киіп жұмыс істеулері керек.

Операция жасауға қатысатын хирургтар мен мейірбикелер стерилденген операциялық киімдер киеді. Барлық емшаралар бір мәрте қолданылатын немесе стерилденген қолғаптармен жүргізілуі тиіс.

50. Байқаусызда қайта қолданылуды жібермес үшін, қолданылған инелерге қалпақ кигізуге тыйым салынады:

1) қолданылған, зарарсыздандырылған шприцтер, инелер және басқа үшкір заттар тесілмейтін арнайы ыдысқа салынады;

2) бір мәрте қолданылатын шприцтерді жою күйдіру арқылы немесе өнеркәсіптік қайта өңдеу арқылы жүргізіледі. Ластанған немесе сынған шыны бұйымдарды арнайы ыдысқа салу үшін қысқыш немесе карцангерді қолдану қ а ж е т ;

3) әрбір жүргізілген емшарадан кейін қолғапты шешпей тұрып, қолды сабындап жылы сумен жуып, артынан қолғапты шешіп қайта жуу қажет. Қол қан немесе сілекеймен ластанған жағдайда жедел зарарсыздандыратын ертіндіге батырылған тампонмен тазартылуы керек.

## 9. Аурухана ішіндегі жұқпаны бақылауды ұйымдастыру

51. Стоматологиялық ұйымдар, меншіктік қалпына қарамастан аурухана ішіндегі жұқпаны бақылау жүйесі әзірленіп, ол іске енгізілуге тиіс:

1) аурухана ішінде пайда болған жұқпа барлық жағдайда уақытында есепке алынып, жұқпалы ауруларды тіркеу журналына тіркелуі қажет;

2) стоматологиялық ұйымдардың әкімшілігі аурухана ішіндегі жұқпаның әрбір жағдайына тексеріс жүргізіп, эпидемияны болдырмауға бағытталған қарсы шараларды жүзеге асыруы тиіс;

3) стоматологиялық ұйымдардың персоналдарының жұқпаны бақылау бойынша базалық дайындығы болуы керек және осы салада өзінің біліктілігін үнемі арттырып отыруы қажет;

4) стоматологиялық ұйымдардың басшылары медицина қызметкерлерінің денсаулығын жұқпалы және жұқпайтын ауруларды кәсіби факторларының теріс әсерінен қорғауды қамтамасыз етуі тиіс.

"Стоматологиялық ұйымдардың,  
құрылымына, жабдықталуына,  
оларды пайдалануға қойылатын  
санитарлық-гигиеналық және  
эпидемияға қарсы бағытталған  
талаптар" санитариялық  
ережелер мен нормаларға  
1-қосымша

**Жасанды жарықтандыру кезінде жұмыс істеу орындарына  
горизонталды түсетін жарықтың нормативті деңгейі \_\_\_\_\_**

Үй-жайлардың атаулары

Жалпы жарықтандыру  
деңгейі, люкс

|  | Люминесцентті | жай электр шамы |
|--|---------------|-----------------|
| Дәрігерлердің емдеу кабинеттері,<br>емшаралық, манипуляциялық бөлмелер,<br>тіс техникасы лабораторияларының<br>негізгі үй - жайлары  | 500           | 200             |
| Көз дәрігерлері, бөлімше меңгеруші.<br>лерінің, гипс салатын, полимерлер<br>кабинеттері  | 400           | 200             |
| Медбике, шаруашылық жүргізушілер,<br>аспап жуатын кабинеттер   | 300           | 150             |
| Құю және дәнекерлеу, тісті рентгенге<br>түсіру кабинеттері, хирургиялық<br>аспаптарды стерилизациядан өткізуге<br>дайындайтын үй - жайлар  | 200           | 100             |
| Тіркеу, күту орындары, күту коридоры,<br>стерилизациялау-автоклавтан өткізу,<br>стерилизациядан өтпеген материалдарды<br>қабылдайтын және сақтайтын жайлар,<br>стерилизациядан өткен материалдарды<br>сақтайтын қойма      | 150           | 75              |
| Баспалдақтар алаңы, кіреберіс бөлме  | 100           | 50              |
| Зарарсыздандыру құралдарын сақтайтын<br>орын   |               | 30              |
| Санитариялық тораптар бөлмесі  | 75            | 30              |
| "Стоматологиялық ұйымдардың,<br>құрылымына, жабдықталуына,<br>оларды пайдалануға қойылатын<br>санитарлық-гигиеналық және<br>эпидемияға қарсы бағытталған<br>талаптар" санитариялық<br>ережелер мен нормаларға<br>2-қосымша |               |                 |

**Стоматологиялық кабинеттердегі әртүрлі объектілерді зарарсыздандырудың тәртібі**

| Объекті. Зарар. лердің атауы | Зарарсыздандыру әдісі | Зарарсыздандырушы зат | Ерітінді концен. тар | Ұстау мерзімі, | Қолданыла. тын жабдық. | Зарарсыздандыру жүргізу. дің шарты |
|------------------------------|-----------------------|-----------------------|----------------------|----------------|------------------------|------------------------------------|
|------------------------------|-----------------------|-----------------------|----------------------|----------------|------------------------|------------------------------------|

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|---|
|---|---|---|---|---|---|---|

|   |              |                 |            |    |   |                              |
|---|--------------|-----------------|------------|----|---|------------------------------|
| 1.Тексеру үшін данылатын металл мен шыны. дан жасалған стоматологиялық құралдар | Қайна. ту су | Дистилденген су | 96%        | 30 | Зарарсыздандырылған қайнатқыш суға батыру     | Өнімді толығымен суға батыру |
|   |              |                 | Натрий қос | 2% | тотығымен (ас содасы) бірге дис. тилденген су | 15                           |

|          |                   |             |          |    |                     |                 |
|----------|-------------------|-------------|----------|----|---------------------|-----------------|
|          | Ауамен Құрғақ ауа | ыстық 120оС |          | 45 | Ауа стерили. заторы | Зарарсыздандыру |
| лотокта) |                   |             | ораусыз  |    |                     | (               |
| леді     |                   |             | жүргізі. |    |                     |                 |

|          |             |                                     |    |      |                                   |  |
|----------|-------------|-------------------------------------|----|------|-----------------------------------|--|
| Химиялық | Үш ерітінді | формалин 0,3% фенол 1,5% натрий қос | 2% | 45   | Шыныдан жасалған немесе пластмас. | Өнімді толығымен суға батыру салық жабылған ыдыс |
|          |             | Дезэфект                            |    | 2,5% |                                   | 60   |
|          |             |                                     |    | 4%   |                                   | 30   |

|                       |                         |    |
|-----------------------|-------------------------|----|
|                       | С у т е г і н і ң       |    |
| а с қ ы н т о т ы ғ ы | 4 %                     | 90 |
|                       | 0 , 5 %                 |    |
|                       | ж у ғ ы ш               |    |
|                       | з а т т а р м е н       |    |
|                       | б і р г е с у т е г і . |    |
|                       | н і ң а с қ ы н         |    |
| т о т ы ғ ы           | 4 %                     | 30 |
| с е п т о к а л ь     | 0 , 5 %                 | 15 |
|                       | к а л ь ц и д і ң       |    |
| г и п о х л о р и д і | 1 %                     | 30 |

|            |        |              |           |    |           |             |
|------------|--------|--------------|-----------|----|-----------|-------------|
| 2. Борма.  | Химия. |              |           |    | Шыныдан   | Тіс құра.   |
| шиналар    | лық    | формальдегид | 3%        | 30 | жасалған  | лының       |
| және тур.  |        |              |           |    | немесе    | соңғы       |
| биналарға  |        | септокаль    | 0,5       | 30 | пластмас. | буынын      |
| арналған   |        |              | 1,0       | 15 | салық     | және        |
| стоматоло. |        |              |           |    | жабылған  | зара.       |
| гиялық     |        | гротанат     | араласты. | 15 | ыдыс      | е-ге        |
| тіс құра.  |        | Борербад     | рылмаған  |    |           | батырыл.    |
| лының      |        |              |           |    |           | ған борға   |
| соңғы      |        |              |           |    |           | арналған    |
| буыны      |        |              |           |    |           | арнаны      |
|            |        |              |           |    |           | м ұ қ и я т |
|            |        |              |           |    |           | е к і р е т |
|            |        |              |           |    |           | с ү р т у   |

|           |        |            |    |    |            |             |
|-----------|--------|------------|----|----|------------|-------------|
| 3. Стома. | Химия. | сутегінің  | 3% | 60 | Ерітіндісі | Суға        |
| тология.  | лық    | асқын      |    |    | бар шыны   | толық       |
| лық       |        | тотығы үш  |    |    | ыдыс       | жуа         |
| айна      |        | еселенген  | 3% | 45 |            | отырып,     |
|           |        | ерітіндісі |    |    |            | ерітін.     |
|           |        |            |    |    |            | г е б а т . |
|           |        |            |    |    |            | ы р у       |

|         |        |              |         |    |            |         |
|---------|--------|--------------|---------|----|------------|---------|
| 4. Тіс  | Химия. | формальдегид | 3%      | 20 | Ерітіндісі | Ерітін. |
| борлары | лық    |              |         |    | бар шыны   | діні    |
|         |        | гротанат     | аралас. | 15 | ыдыс       | толық   |
|         |        | Борербад     | паған   |    |            | батыру  |

|              |            |                   |           |
|--------------|------------|-------------------|-----------|
|              | Лизетол АФ | 5 %               | 15        |
|              | Дезэфект   | 4 %               | 30        |
|              | Бромосепт  | 0,2 %             | 30        |
| Ауамен 120оС |            | 45 ауа стери.     | Зарарсыз. |
|              |            | лизаторы          | дандыру   |
|              |            | о р а у с ы з     |           |
|              |            | ( л о т о к т а ) |           |
|              |            | ж ү р г і з і .   |           |
|              |            | л е д і           |           |

---

|           |        |           |         |    |            |           |
|-----------|--------|-----------|---------|----|------------|-----------|
| 5. Стома. | Химия. | Гротанат  | аралас. | 15 | жабық шыны | Ерітінді. |
| тология.  | лық    | Борербад  | паған   |    | ыдыс       | ге толық  |
| лық       |        |           |         |    |            | батыру    |
| дискілер  |        | Дезэфект  |         |    | 4%         | 30        |
|           |        | бромосепт |         |    | 0,2 %      | 30        |

---

|           |          |            |      |    |              |         |
|-----------|----------|------------|------|----|--------------|---------|
| 6. Металл | Қайна.   | Дистилден. | 96оС | 15 | Зарарсыздан. | Ерітін. |
| калақша   | ту       | ген су     |      |    | дырылған     | діге    |
|           |          | Дезэфект   | 2,5% | 30 | қайнатқыш    | толық   |
|           |          | Бромсепт   | 0,2% | 30 |              | батыру  |
|           | Клорсепт | 0,1%       | 60   |    |              |         |

---

|          |        |           |  |    |    |            |
|----------|--------|-----------|--|----|----|------------|
| 7. Меди. | Химия. | сутегінің |  | 3% | 80 | Ерітіндісі |
| циналық  | лық    | асқын     |  |    |    | бар шыны   |
| термо.   |        | тотығы    |  |    |    | ыдыс       |
| м е т р  |        |           |  |    |    |            |

---

|                   |        |            |      |    |                   |           |
|-------------------|--------|------------|------|----|-------------------|-----------|
| 8. Құ.            | Химия. | Дезэфект   | 2,5% | 60 | эмалі             | ерітінді. |
| ралдар            | лық    | Лизетол АФ | 2%   | 30 | бұзылмаған        | ге толық  |
| және              |        | Виркон     | 2%   | 10 | ыдыс              | батыру    |
| пласт.            |        |            |      |    | С у т е г і н і ң |           |
| м а с с а         |        |            |      |    | а с қ ы н         |           |
| мен               |        | тотығы     |      |    | 3 %               | 80        |
| рэзең.            |        | Бромосепт  |      |    | 0,2%              | 30        |
| к е д е н         |        |            |      |    |                   |           |
| ж а с а л .       |        |            |      |    |                   |           |
| ғ а н             |        |            |      |    |                   |           |
| ( к л е н к а     |        |            |      |    |                   |           |
| м а т е р и а л . |        |            |      |    |                   |           |

д а р ы )  
б а с қ а  
ө н і м д е р

д а

---

|  |            |  |               |          |                               |           |
|--|------------|--|---------------|----------|-------------------------------|-----------|
| 9. Лак. бояу жабындысы бар меди. циналық құралдар, аппарат. тар, жабдық. тар | Химия. лық | септокаль Дезэфект Кальцидің гипохлориді | 0,05%<br>2,5% | 30<br>60 | Эмалі бұзылма. сүрту ған ыдыс | екі рет   |
|  |            |  |               |          | 0,25%                         | 30        |
|  |            |  |               |          | 0,5%                          | жуу       |
|  |            | заттарымен                               |               |          | 3%                            | 30        |
|  |            |  |               |          |                               | б і р г е |
|  |            |  |               |          | х л о р а м и н .             |           |
|  |            |  |               |          | м е н                         |           |

---

|  |  |           |  |    |             |     |
|--|--|-----------|--|----|-------------|-----|
| 10. меди. циналық қолданыл. ған таңу материал. д а р ы |  | Кальций   |  | 1% | 60          | Жою |
|  |  |           |  |    | гипохлориді |     |
|  |  | Септокаль |  |    | 1%          | 15  |
|  |  | Клорсепт  |  |    | 0,2         | 60  |
|  |  | Дезэфект  |  |    | 2,5         | 30  |

---

|                          |            |                     |  |    |    |  |
|--------------------------|------------|---------------------|--|----|----|--|
| 11. Жинау материал. дары | Химия. лық | Дезэфект            |  | 1% | 30 | эмалі бұзылмаған сыздан. жабылатын дыратын ыдыс ерітін. ді н і ң |
|                          |            | Кальций гипохлориді |  | 1% | 30 |  |

---

біріне

б а т ы р а

о т ы р ы п ,  
э р і қ а р а й  
ж у ы п ,  
к е п т і р е д і

---

|                            |                     |                |  |    |          |                           |
|----------------------------|---------------------|----------------|--|----|----------|---------------------------|
| 12. Сани. тарлық- техника. | Таза. лайтын зарар. | Дезэфект Комет |  | 1% | 30<br>10 | - 15 мин аралығын. да екі |
|----------------------------|---------------------|----------------|--|----|----------|---------------------------|

лық сыздан. рет сүрту  
жабдықтар дыру  
(ракови. заттары  
на, кран)

---

|           |        |           |    |       |           |
|-----------|--------|-----------|----|-------|-----------|
| 13. Ғима. | Химия. | 0,5% жуу  | 3% | 30    | Сулы      |
| рат, жай. | лық    | затымен   |    |       | шүберек.  |
| ластыру   |        | бірге     |    |       | пен сүрту |
| заттары   |        |           |    |       | болатын   |
|           |        |           |    |       | сутегінің |
|           |        |           |    |       | асқыны    |
|           |        |           |    |       | тотығы    |
|           |        | Септокаль |    | 0,05% | 60        |
|           |        | Клорсепт  |    | 0,05% | 60        |
|           |        | Дезэфект  |    | 1%    | 30        |

---